

№38 «Қызылорда» бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Әдістемелік бірлестіктің №1 хаттамасы

Өткізген уақыты: 28.08.2023ж

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жылдағы атқарылған жұмыстарға сараптама жасап, жіберілген кателіктермен жұмыс жасау, талқылау.

(Хабарламашы: А.Сапарова, әдістемелік бірлестік жетекшісі)

2. 2023-2024 оқу жылындағы пәндердің оқытылу ерекшеліктері. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу, талқылау. Тақырыптық – күнтізбелік жоспарларын қарап, талқылап, бекіту.

(Хабарламашы: А.Сапарова, әдістемелік бірлестік жетекшісі)

3. 2023-2024 оқу жылына арналған ӘБ жұмыстары жоспарын қарастыру.

(Хабарламашы: А.Сапарова, әдістемелік бірлестік жетекшісі)

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселеде бірлестік жетекші А.Сапарова сөз алып Өткен оқу жылына талдау жасар болсақ, өздеріңізге белгілі өткен оқу жылында МАД сыныбен қосқанда 5 сынып комплектісінде 62 оқушы білім алды.

Өткен оқу жылындағы жетістіктерге тоқталар болсақ, 8 оқушы Республикалық онлайн олимпиадаларға қатысып, I,II,III дәрежелі дипломдармен марапатталса, 2 бірдей оқушымыз аудандық оқушылардың пән олимпиадасында жаратылыстану пәнінен Заман Бекзат 2 орын, Бақыт Әсем 3 орындарды иеленген, пән мұғалімі Айжан Ахметова, 1 оқушымыз «Алтын сақа» Республикалық математикалық олимпиадаға қатысып жүлделі 3 орынды иеленді, жетекшісі Ұлжан Тасболатова екендігін айтып өтті.

Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға тоқталар болсақ, жетекші мектебіміз болып табылатын №39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта мектебінен тұрақты әдістемелік көмек алуды жолға қоя білдік. №39 Л.Жолдасов жом.нің тәжірибелі мұғалімдерімен арнайы тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді. 4-сынып жетекшісі Ұ.Тасболатова Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен №29 мектебінің базасында өткен аудандық тәжірибе алмасу семинарында қазақ тілі пәнінен «Біріккен сөздер» тақырыбында 4-сыныпта ашық сабақ өтіп,сабағы жоғары бағаланды. Мектептің жоспарына сәйкес барлық пән мұғалімдері 1,2 жартыжылдықтарда ашық сабақтар өткізіп, өз тәжірибелерін шындай білді.

Өткен оқу жылында мектептің бастауыш сыныптың 3 бірдей мұғалімі, А.Сапарова, Э.Искендерова, С.Файзовалар пән бойынша ПШО мен «Өрлеу» БА ұлттық орталығында өз білімдерін жетілдіріп келді.

Өткен оқу жылы барысында мерекелік, даталық күнерге байланысты сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп, мектептің әлеуметтік желі парақшасында жүйелі жарияланып тұрды. Жалпы оқу жылын 8 оқушы үздік, 14 оқушы жақсы, 18 оқушы орта деген біліммен аяқтады. Өткен оқу жылындағы жалпы білім сапасына тоқталар болсақ білім сапасы 55,5, орта балы 4,02 пайызбен аяқталғандығын айтып өтті.

2.Екінші мәселе бойынша биылғы оқу жылында Үлгілік оқу жоспардың бұйрықтарымен таныстырды. Үлгілік оқу жоспарына тоқталар болсақ, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 18 тамыз 2023 жылғы №264 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес жасалынды, сабақтың сағат сандары осы бұйрық

негізінде жүзеге асады. Келесіде нұсқаулықтың басты ерекшеліктеріне тоқталып, бірлестік мүшелерімен талқыланды:

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктеріне тоқталар болсақ:

- Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-4 сыныптарда -34 оқу аптасын құрайды.

- 1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері пәндері, 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, ал «Орыс тілі» пәні 2-сыныптан бастап оқытылады.

- Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту;

- Білім беру ұйымдарындатұтас тәрбие бағдарламасын енгізу;

- мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс шараларды ұйымдастыру;

- Мектептердің «ата-аналар» қауымдыстығымен өзара ісқимылды нығайту;

- «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу туралы айтылған.

Сонымен қатар, биылғы әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет екендігі айтылған. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудары маңызды деп атап көрсетілген.

Мұғалімдерге бөліп берілген жүктемелер бойынша КТЖ дайындап ҚР БҒМ 6 сәуір, 2020 жылғы №130 бұйрығына сәйкес екендігі тексерілді. Толық мұғалімдердің КТЖ-ы дайын.

2-4 сыныптарда сабақтың ұзақтығы -45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте-күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Сабақтардың тақырыптары /оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріледі. Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.

Сондай-ақ, ата-аналардың қаражаты есебінен оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін сатып алуға жол берілмейтіндігі барлық сыныптың жетекшілеріне ескертілді.

3. Үшінші мәселеде бойынша бірлестік жетекшісі (бастауыш сынып мұғалімі) А.Сапарова әдістемелік бірлестіктің жоспармен таныстырды. Бірлестік мүшелері тарапынан 2023-2024 оқу жылындағы пән бірлестігінің жылдық жоспары талапқа сай деп танылды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар өз деңгейінде екені аталып, жыл бойы атқарылған жұмыстарды әр қарай жетілдіру және де білім сапасын жоғарылату. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлерін жасау. Кеткен кемшіліктерді жою. Әдістемелік көмек көрсету.

2. Әдістемелік нұсқау хатпен таныса отырып, оқу бағдармасына енген өзгерістер мен талаптарды орындау, сонымен қатар тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын бағдарламаға сүйене жұмыс жасау әр пән мұғалімдерінен талап етілсін.

3. 2023-2024 оқу жылындағы пән бірлестігінің жылдық жоспары талапқа сай деп танылып, бекітілсін және жаңа оқу жылына жасалынған күнтізбелік- тақырыптық жоспарларды мектеп меңгерушісіне бекіттіру ұсынылсын.



А.Сапарова
Г.Акбарова